

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ ТҮП-ТӨРКІН



ЖӘНЕ

ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ
ИДЕЯНЫҢ ТҮП-ТӨРКІН ЖӘНЕ
ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ**

Алматы, 2016

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5 Қаз)
К 17

Басылымға филология және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **Д. Ысқақұлы**
филология ғылымдарының докторы, профессор **А.Ж. Жақсылықов**
филология ғылымдарының докторы, профессор **С.Б. Ержанова**

К 17

Қазақ әдебиетіндегі ұлттық идеяның түп-төркін және қалыптасу тарихы: монография / Ө. Әбдіманұлы, А.Б. Темірболат, Қ.А. Әйсұлтанова, Е.М. Солтанасва, Ш.А. Шортанбаев. – Алматы: Ценные бумаги, 2016. – 162 б.

ISBN 978-601-04-0024-5

Монографияда тарихи-салыстырмалы, типологиялық және жүйелі-теориялық әдістер негізінде кешенді талдаулар жүргізіліп, қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея, оның даму тенденциялары, эволюциялық басты кезеңдері терең әрі жан-жақты зерделеніп, соның нәтижесінде қазақ хандығы тұсындағы қоғамының көркем шығармаларда көрініс табуының эстетикалық идеалдары мен құндылықтар маңызының, «Мәңгілік Ел» идеясымен тоғысу ерекшеліктерін анықтау жүзеге асырылды.

Монографиялық зерттеу филология факультеттерінің оқытушылары мен докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, жалпы әдебиет сүйер қауымға арналған.

В монографии на основе комплексного анализа, использования сравнительно-исторического, типологического и системно-теоретического методов глубоко и всесторонне исследуются истоки зарождения национальной идеи, тенденции ее развития, основные этапы эволюции в казахской литературе, прослеживается ее связь с идеей «Мәңгілік Ел», выявляются особенности ее воплощения в художественных произведениях и значение в системе эстетических идеалов и ценностей казахской литературы ханского периода.

Монография адресована преподавателям и докторантам, магистрантам и студентам филологического факультета, а также всем, интересующимся литературой.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-04-0024-5

© Авторлық ұжым, 2016
© Ценные бумаги, 2016

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	
<i>Әбдіманұлы Ө.</i>	4
1-тарау Понятие национальной идеи и ее отражение в казахской литературе	
<i>Темірболат А.Б.</i>	8
2-тарау «Мәңгілік Ел» идеясының мазмұны мен мәні	
<i>Қ.А. Әйсұлтанова.</i>	25
3-тарау «Мәңгілік Ел» идеясының жыраулық әдебиеттегі көрінісі	
<i>Әбдіманұлы Ө.</i>	52
4-тарау Қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея және «Мәңгілік Ел» идеясы көрінісі	
<i>Солтанаева Е.М.</i>	94
5-тарау Қилы кезеңнің көркем шежіресі	
<i>Шортанбаев Ш.А.</i>	126
Қорытынды	
<i>Темірболат А.Б.</i>	157

КІРІСПЕ

- Ұлттық идея – ұлттың өмір сүру факторлары арқылы айқындалатын, тарихи тәжірибесі мен таным-талғамына қатысты жаңғырып-жаңаланып отыратын, халықтың тарихи талап-тілектерінің, әлеуметтік мұрат-мүдделерінің жалпы мәнін жинақтаған тарихи категория. Оның ұлттық рухани болмысының арналы саласы әдебиетте көрініс табуы «Мәңгілік Ел» идеясымен астасып жатыр.

Қазақстан Республикасының президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық» [1], – деп «Мәңгілік Ел» идеясының халқымыздың сан ғасырлық тарихымен сабақтасып, оның рухани дүниелерінің негізгі ұстанымына айналғанындығының мән-мазмұнын ашып берді.

Ендеше ел арманның «Темірқазығына» айналған Мәңгілік Ел идеясының санғасырлық қазақ әдебиетіндегі көркемдік белгісін зерделеу – аса бір ыждағаттықпен зерттеу қажет ететін бағыттың бірі. Өйткені кез келген халықтың ежелгі дәуірлерден бергі арман-мақсаттарынан қалыптасатын рухани болмысын саралайтын нақты көрсеткіші – Сөз өнері. Сондықтан да, «Мәңгілік Ел» идеясының ұлт рухымен берік бірлігі қазақ әдебиетіндегі әдеби туындылар өзегінен үнемі өзіндік өрісін тауып отырды. Қазақ әдебиеті тарихының ежелгі замандарынан егемендік алған тұсымызға дейінгі дәуірлерінде, одан кейін де ұлттық идея мәңгілік ел концепциясын әдеби көркемдік тұрғыдан негіздеді десе болады. Осы қос ұғым, қос ұстаным белгілі бір кезеңдік тұстарда түрлі реңкпен белгі беріп отырды.

«Қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея және «Мәңгілік Ел» идеясы көрініс табуының көркемдік мәні мен жаңашыл сипаты» жобасындағы біздің мақсат ежелгі дәуір, қазақ